

5-сынып. Олимпиадаға дайындық курсы

33-сабақ

Тақырып: Қозғалыс

Сынып жұмысы

1. Алматы мен Талдықорған арасын 80 км/сағ жылдамдықпен автобус 3 сағатта жүреді, ал жеңіл көлік 2 сағатта жүреді. Жеңіл көліктің жылдамдығы қандай?
2. Екі тасбақаның біреуі 20 минутта 4 метр, ал екіншісі 35 минутта 7 метр жүреді. Қайсысы жылдамырақ?
3. Мотоциклші 5 сағатта велосипедшінің 4 сағатта жүрген жолынан 259 км артық жүреді. 10 сағатта велосипедші мотоциклшінің 2 сағатта жүретін жолынан 56 км артық жүрді. Велосипедшінің жылдамдығы қандай?
4. Ұзындығы 750 метр болатын поезд, ұзындығы 1 км көпірді 2 минутта жүріп өтеді. Поезд жылдамдығы қандай?
5. Қанат велосипедпен ауылдан көлге дейін барып, кідірместен кері қайтқан, содан бүкіл жолға 1 сағат уақыты кетті. Ауылдан көлге дейінгі жылдамдығы 15 км/сағ , ал көлден ауылға дейінгі жылдамдығы 10 км/сағ болды. Көлден ауылға дейінгі ара қашықтықты табыңыз.
6. Алматыдан бірдей бағытта екі автокөлік шықты. Бірінші көліктің жылдамдығы 81 км/сағ . 4 сағаттан кейін екеуінің арасы 108 км болған. Екінші көліктің жылдамдығын табыңыз.
7. Турист 10 км жолды белгілі бір жылдамдықпен жүру керек еді, бірақ ол жылдамдығын 1 км/сағ арттырып, 10 км жолды 20 мин тезірек жүріп өтті. Туристтің алғашқы жылдамдығын табыңыз.
(жылдамдығы бүтін сан)
8. Асқар итімен бірге үйден көлге қарай шықты. Бірақ тура орта жолда Асқар итін үйге қайтарып жіберді. Ал иті болса, үйге жете сала кері бұрылып, көлге Асқармен бірдей жетті. Асқар 6 км/сағ жылдамдықпен жүріп, 1 сағатта көлге жеткен болса, ит неше км жүрді?
9. Екі елді мекеннен екі дос бір-біріне қарай жаяу жолға шықты. Олардың жылдамдықтары 5 км/сағ және 6 км/сағ . Егер олар 3 сағатта кездескен болса, елді мекендердің арасы қанша?
10. Арасы 330 км болатын А және В қалаларынан екі көлік бір-біріне қарама-қарсы бір уақытта жолға шықты. Олар 3 сағаттан соң, В қаласынан 180 км жерде кездесті. А қаласынан шыққан көліктің жылдамдығын табыңыз. Кездескеннен 1 сағ соң екі көліктің арасы неше км болады?

11. Арақашықтығы 900 км екі қаладан бір-біріне қарама-қарсы екі пойыз шығып, олар жол ортада кездескен. Бірінші пойыз екіншісіден 1 сағ кеш шығып, екінші пойыздың жылдамдығынан 5 км/сағ артық жылдамдықпен жүрген. Әр поездың жылдамдығын табыңыз.
12. Екі ағайындының бірі үйден көлге қарай 120 км/сағ жүретін көлікпен 6:00-де жолға шықты. Ал екіншісі 8:00-де көлден үйге қарай 60 км/сағ жылдамдықпен жүретін көлікпен шықты. Біріншісі 11:00-де көлге жеткен болса, олар сағат нешеде кездескен?
13. Екі желаяқ араларына 2 минут интервал тастап, бірінен соң бірі жүгіріп кетті. Старт берілген нүктеден 1 км қашықтықта екіншіні қуып жетті де, 5 км қашықтыққа жүгіріп барып, кері қайтты. Осы жолда ол бірінші желаяқпен кездесті. Бұл кездесу бірінші желаяққа старт берілген уақыттан 20 минуттан кейін болған еді. Екінші желаяқтың жылдамдығын табыңыз.